

## "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 355/4 қаулысы

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 124-бабына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 65-бабы 3-тармағына, Павлодар облысы әкімдігінің 2023 жылғы 6 қазандағы "Туризм саласындағы функцияларды беру туралы" № 244/3 қаулысына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 21 ақпандағы "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" № 51/1 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіpte:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

осы қаулына Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

A. Байханов

Павлодар облысы әкімдігінің

2023 жылғы "26" желтоқсан

№ 355/4 қаулысымен

бекітілген

**"Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы"**  
**мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Павлодар облысының әкімдігі өз құзіреті шегінде кәсіпкерлік, сауда, өнеркәсіп, индустриялық-инновациялық даму салаларындағы функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берген, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде атауы жазылған мөртабандары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарарапы болуға құқылы.

7. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіpte "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Павлодар облысы, 140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 61-құрылыш.

10. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі:

дүйсенбі – жұма сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін, демалыс күндері: сенбі – жексенбі.

11. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – государственное учреждение "Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития Павлодарской области".

12. Мемлекет Павлодар облысының әкімдігі тұлғасында "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы ереже "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау түрғысынан шарттық қарым-қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жолданады.

## **2-тарау. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мақсаты, қызметінің мәні мен өкілеттіктері**

16. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мақсаты шағын және орта бизнес, сауда, өнеркәсіптік әлеует, индустриялық-инновациялық даму салаларын тиімді дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады.

17. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні кәсіпкерлік, сауда, өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму мәселелерінде мемлекеттік саясатты облыстық деңгейде жүзеге асыру болып табылады.

18. Міндеттері:

1) кәсіпкерлік, сауда, өнеркәсіп, индустриялық-инновациялық даму салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) өз құзіреті шегінде "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

19. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

"Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзіретіне жататын мәселелер бойынша облыс әкімдігі мен әкімінің қарауына ұсыныстар енгізу;

"Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, кәсіпорындармен, лауазымды адамдармен және азаматтармен келісім бойынша белгіленген тәртіpte ақпаратты сұрату және алу;

басшыларының келісімі бойынша жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын басқа да атқарушы органдардың мамандарын жұмысқа тарту;

өз құзіреті шегінде шарттар, келісімдер жасау;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

осы Ережеде белгіленген өз құзыреті шегінде барлық сот органдарында, мемлекеттік органдарда, мекемелерде, кәсіпорындарда және өзге де ұйымдарда облыс әкімінің, әкімдігінің мұдделерін білдіру;

мемлекеттік органдарда, сотта "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мұддесін білдіру;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

20. Функциялары:

1) Павлодар облысының аумағында кәсіпкерлік, сауда, өнеркәсіп, индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың қызметін үйлестіреді;

2) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатының іске асырылуын жүзеге асырады;

3) "Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру" мемлекеттік қызметін көрсетеді;

4) "Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету" мемлекеттік қызметін көрсетеді;

- 5) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасайды;
- 6) кәсіпкерлік ортаға, инвестициялық ахуалға және жеке кәсіпкерлікті дамыту инфрақұрылымына талдау жүргізеді;
- 7) өнірлерде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді және соған жауапты болады;
- 8) өнірде шағын және орта кәсіпкерлік пен инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымы объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз етеді;
- 9) жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен, өнірлік палатамен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен қарым-қатынастарды дамыту стратегиясын айқындайды;
- 10) жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінен, Қазақстан Республикасының Өнірлік кәсіпкерлер палатасынан, міндетті мүшелік (қатысу) негізіндегі өзін-өзі реттейтін ұйымдардан және өзге де коммерциялық емес ұйымдардан нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптамалық қорытындылар алу, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау және қорғау, соның ішінде әкімшілік кедергілерді жою мақсатында мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру туралы ұсыныстар тұжырымдау бойынша жұмысын ұйымдастырады;
- 11) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етеді;
- 12) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен персоналды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;
- 13) құзыреті шегінде шикізаттық емес экспортты ілгерілетуді жүзеге асырады;
- 14) құзыреті шегінде шикізаттық емес экспортты дамыту үшін жағдайлар жасайды;
- 15) ұлттық және аумақтық кластерлерді дамытуды жүзеге асырады;
- 16) сауда саясатын жүргізуі қамтамасыз етеді;
- 17) өз құзыреті шегінде ішкі сауда субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асырады;
- 18) сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар әзірлейді;
- 19) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 20) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативіне қол жеткізу жөнінде шаралар әзірлейді және іске асырады;
- 21) көрмелер мен жәрменқелер ұйымдастыруды жүзеге асырады;
- 22) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекітеді;
- 23) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекітеді;

24) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырады;

25) азық-түлік тауарларын сатып алу бағдарламаларына қатысушыларды анықтау жөніндегі комиссиялардың жұмысын ұйымдастырады;

26) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдардан көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады;

27) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру жөніндегі комиссияны құрайды және оның жұмысын ұйымдастырады;

28) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

29) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарларының шекті сауда үстемесін және тізбесін бекітеді;

30) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастырады және пайдаланады;

31) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

32) уәкілетті органмен келісу бойынша респубикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы шешім қабылдайды;

33) өнірлік маңызы бар индустриялық аймақты, сондай-ақ шағын индустриялық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы шешім қабылдайды;

34) жеке индустриялық аймақтарды құру тұжырымдамасын келісімдейді;

35) ерекше индустриялық аймақ мәртебесін бере отырып, ерекше индустриялық аймақтар құру тұжырымдамасын келісімдейді;

36) ерекше индустриялық аймақ мәртебесінен айыру туралы шешім қабылдайды;

37) жалпы санының елу пайызынан кем емес кәсіпкерлік субъектілері өкілдерінің қатысуымен өнірлік үйлестіру кеңесін құрайды;

38) респубикалық немесе өнірлік маңызы бар индустриялық аймақтың үлгілік ережесі негізінде респубикалық немесе өнірлік маңызы бар индустриялық аймақ туралы ережені бекітеді;

39) индустриялық аймақты құру тұжырымдамасын қоса алғанда, индустриялық аймақты құру жобаларын сараптама жасайды, сондай-ақ құрылатын индустриялық аймақ үшін инфрақұрылым салу кезінде жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуі қамтамасыз етеді;

- 40) индустриялық аймақтарды дамыту жоспарларының жобаларын өзірлейді;
- 41) индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларын айқындайды;
- 42) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларын тартады;
- 43) арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясымен өнірлік маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі шартты жасайды;
- 44) құрылудына мемлекеттік емес заңды тұлға қатысатын арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен уәкіледті органмен келісім бойынша арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындауы жөніндегі шартты жасайды;
- 45) құрылудына мемлекеттік емес заңды тұлға қатысатын республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясымен уәкіледті органмен келісім бойынша республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындауы жөніндегі шартты жасайды;
- 46) арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтар қатысушыларының қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың талаптарын, бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың талаптарын орындаудына мониторингті жүзеге асырады, сондай-ақ мониторингтің деректерін талдайды;
- 47) өнірдің өнеркәсіптік саясатын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;
- 48) өнеркәсіптік-инновациялық инфрақұрылым элементтеріне, өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілеріне әдістемелік, консультациялық, практикалық және өзге де көмек көрсетеді;
- 49) тауарларын, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу елшілік құндылық мониторингіне жататын ұйымдардың тізбесіне сәйкес ұйымдардың сатып алудындағы елшілік құндылық бойынша ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және оны өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкіледті органға өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкіледті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде береді;
- 50) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкіледті органға өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру туралы ақпаратты береді;
- 51) индустриялық даму бойынша Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын өзірлеуге қатысады;
- 52) өнеркәсіптік саясат жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырыстарында өнірдің индустриялық дамуы туралы баяндайды;
- 53) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсетеді;

54) бірынғай индустрияландыру картасы шеңберінде өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың іске асырылуын үйлестіруді жүзеге асырады және тоқсан сайын өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органға ақпарат береді;

55) акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік топтамасын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқықтарын, облыс әкімдігі мен әкімнің актілерінде, өзге де нормативтік құқықтық актілерде қарастырылған жағдайда, мемлекеттік заңды тұлғалардың құқық субъектісінің өкілеттіктерін жүзеге асыру, соның ішінде тиісті саланың уәкілетті органдарының құзыретіне сәйкес оларға қатысты шешімдер қабылдайды;

56) Басқарманың құзыреті шегінде әкімнің, әкімдіктің нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді;

57) өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

58) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа талап арыздар ұсынады;

59) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **3-тaraу. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

21. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады, ол "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауап береді.

22. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыс әкімі лауазымға тағайындалайтын және лауазымнан босатады.

23. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

24. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

2) өз орынбасарларының, сондай-ақ "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермеледі, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жазалар қолдануды жүзеге асырады;

5) құзыретіне жататын мәселелер бойынша "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік нысанына қарамастан барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму" мемлекеттік мекемесі атынан өкілдік етеді;

8) "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі құрылымын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

9) орынбасарлары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының, сондай-ақ ведомствоның бағынысты ұйымдар басшыларының қатысуымен "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің кенестерін өткізеді;

10) "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

11) сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты береді;

"Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

25. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі үәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

26. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

27. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңына және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

#### **4-тарау. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

28. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тығым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алғанған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

31. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдар тізбесі

32. "Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағында келесі ұйымдар бар:

- 1) "Павлодар" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;
- 2) "Павлодар" арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы" акционерлік қоғамы;
- 3) "Атамекен-Павлодар" микроқаржы үйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК